

Атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Вагулино ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 ақпандағы № 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 ақпанда № 6027 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 22 қазандағы қорытындысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Вагулино ауылы халқының пікірін ескере отырып, Вагулино ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Вагулино ауылдық округінің Кустовое ауылындағы атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

№ 1 атауы жоқ көше – Астана көшесі;

№ 2 атауы жоқ көше - Мектеп көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы
Вагулино ауылдық
округінің әкімі*

Л. Терехова

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы
Вагулино ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы
18 ақпаны № 2 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Вагулино ауылдық округінің Кустовое ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы схемалық карта.



Вагулино ауылдық округінің әкімі Л.Терехова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК